

«Бекітемін»

Мектеп директоры

 А.Юсупова

**«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022 оқу
жылындағы жаратылыстану пәндер әдістемелі бірлестіктің
жылдық жоспары.**

Химия, биология, география, музыка, дене шынықтыру пәндер бірлестігі

Тақырыбы: «Жаңартылған білім беруде оқушылардың функцияналдық сауаттылығын арттыру арқылы сапалы білім беру»

Мақсаты: «Жаңартылған білім беру мазмұнында жаратылыстану пәндерінен оқушылардың сапалы білім алуын ұйымдастыру»

Міндеттері: Оқушыларға коммуникативтік - танымдық қызығушылығына сай білім беру, практикалық түрде меңгерту, оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игеріп, оны сабақ пен сыныптан тыс шараларда қолдануда, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың жаңа, тиімді әдіс-формаларын іздеу бағытында мектеп әкімшілігінің мұғалімдер және тәрбиешілермен бірлесіп өткізетін іс-шараларының жиынтығы.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	1. Бірлестіктің жаңа оқу жылындағы міндеттері 2. 2021-2022 оқу жылына арналған бірлестіктің іс жоспарын талқылау және бекіту. 3. Пән бойынша мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту. 4. Пән кабинеттердің жабдықталуы мен материалдық қорының талапқа сай болуы туралы 5. Біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту. 6. Әр түрлі мәселелер	Тамыз	Бірл. жет. Досыбаева Р Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері
2	1. Ітоқсандағы бақылау жұмыстар мен ашық сабақтардың қорытындысы. 2. Оқушылардың білім сапасын мониторингілеу (талдау) 3. Ітоқсан бойынша үлгерімінде олқылығы бар оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу мәселелер және нәтижесі.	Қараша	Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері

3	1. I жарты жылдық қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау) 2. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, ашық сабақтар өткізу. 3. Пән олимпиадасын өткізу. 4. Биология пәнінің мұғалімі Жарқынбаева Анаркүлдің «Биологиядан жаңаша білім берудің өзектілігі» тақырыбында баяндама 5. Түрлі мәселелер	Ақпан	Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Жарқынбаева А
4.	1. III тоқсан қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау) 2. Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебін тыңдау 3. Жаратылыстану пәндер апталығын өткізу 4. Түрлі мәселелер.	Наурыз	Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері
5.	1. IV тоқсан, жылдық қорытынды. 2. Бірлестік жұмысын қорытындылау. 3. Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейі Қорытынды аттестаттау қорытындысы 4. Жаңа оқу жылына мақсат- міндеттер, жаңа жоспар құру	Мамыр	Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Бірл. жет. Пән мұғалімдері

Бірлестік жетекшісі:  Р.Досыбаева

Хаттама № 1

«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылдың тамыз айының 31 күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.

Қатысқаны: - 8

Қатыспаған: -

Күн тәртібінде:

1. Бірлестіктің жаңа оқу жылындағы міндеттері

2. 2021-2022 оқу жылына арналған бірлестіктің іс жоспарын талқылау және бекіту.

3. Пән бойынша мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту.

4. Пән кабинеттердің жабдықталуы мен материалдық қорының талапқа сай болуы туралы

5. Біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.

6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза сөз алды. Бірлестігінің жаңа оқу жылындағы міндеттерімен таныстырды. Оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игеріп, оны сабақ пен сыныптан тыс шараларда, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жаңа, тиімді әдіс-формаларын қолдану керектігін айтты.

2. 2021-2022 оқу жылындағы бірлестіктің жоспарында түзілген іс-шаралармен таныстырып олардың уақытында өткізілуін, оқушылардың білім сапасын мониторингілеу (талдау), ашық сабақтарды, пән апталықтарына, іс-шараларға оқушыларды түгел қамту керектігін айтты.

3. Жаратылыстану бірлестігіне қарасты мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылап, ашық сабақтарды жоспарлау кестесін мектеп директорының бекітуіне ұсынылатынын айтты. Жоспарды бағдарламаға сай, тиянақты, нақты жазу керектігін ескертіп өтті.

4. Кабинеттерді талапқа сай безендіру. Әдістемелік материалдарды топтастыру, гүл отырғызу, қауіпсіздік ережесі, тазалық сақтау ережелеріне тоқталды.

5. Біліктілігін арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін талқылау барысында дене шынықтыру, химия, пән мұғалімдері курстан өту керектігі айтылды.

6. Әр түрлі мәселелер

Қаулы етеді:

- 1. Оқу-тәрбие жұмыстарында жаңартылған бағдарлама әдіс-тәсілдері әр сабақта қолданылсын*
- 2. БЖБ, ТЖБ талдауы әр тоқсанда жүргізіліп отырсын*
- 3. Күнтізбелік жоспар бағдарламаға сай, тиянақты, нақты жазу керектігін ескертіп өтті*
- 4. Кабинеттерді талапқа сай безендіру, Әдістемелік материалдарды топтастыру, гүл отырғызу, қауіпсіздік ережесі, тазалық сақтау ережелеріне тоқталды*

Бірлестік жетекшісі:

Хатшысы:

Р. Досыбаева

А. Жарқынбаева

Хаттама № 2

«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылдың қараша айының
2 күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.

Қатысқаны: - 8

Қатыспаған: -

Күн тәртібінде:

1. 1 тоқсандағы бақылау жұмыстар мен ашық сабақтардың қорытындысы.
2. Оқушылардың білім сапасын мониторингілеу (талдау).
3. 1 тоқсан бойынша үлгерімінде олқылығы бар оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу мәселелері және нәтижесі.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды.

Ол өз сөзінде I тоқсанның қорытындысы жайлы тоқталды. Болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру екендігі, бұл мәселе біздің басты мәселе болып табылатынын. Әр баланың білім алуға ынтасын көтеру шартты нәрсе екенін, жұмыс түрлерін ұйымдастыруда оқушылардың үлгерімін жақсарту барысында әр түрлі әдіс – тәсілдер мен жаңа технологияны пайдалану, жаңартылған білім мазмұнындағы бағалаудағы ерекшелікшеліктері жайлы айтты.

Ең бастысы, оқушылардың сабақты әрбір сабақ сайын берген жақсы жауаптарын мадақтап отыру, жеке, жұппен, топта жұмыс жүргізу, сабақты жиі сұрау, балалардың өз пікірін еркін айтуға үйрету керектігін ескертті.

2. Екінші мәселе бойынша химия, биология, география пәндерінен оқушылардан алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жайлы әр пән мұғалімі өзі талқылады.

3. Үлгерімі нашар оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет екенін, оқыту деңгейі мен оқыту сапасын арттыру жолдарын қарастыру керектігін айтты. Үлгерімі төмен оқушылар сабаққа қызығуы үшін ең оңай қызықты материалды ұсыну, қатемен жұмысты жиі жүргізу, сыныпта достық қарым-қатынас орнату, тақта алдында немесе жауап беру кезінде оқушыға көмекші құралдар ұсыну, оқушының жауабын көтермелеу, жаңа тақырып бойынша оқушыны әңгімеге тарту, өзін-өзі тексеруге, бағалауға мүмкіндік беру, үлгерімі төмен оқушыларға жеке тапсырмалар даярлау, ұсыну, бақылау картасын жасау, ата-анасына талаптарды түсіндіру мұғалімнің жұмыс сапасын арттыратыны сөзсіз.

Баланың дарындылығы мен білімге құштарлығын арттыру-ұстаз бойындағы құдіретті күш. Ендеше білім сапасы да мұғалім шеберлігіне байланысты болмақ.

Әрбір қазақ баласы бай болсын, бар болсын, бірақ сол байлық мәдени-рухани дамуға қызмет етсін. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түюі, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуі керектігін айтты.

Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе
Қаулы етеді:

1. I тоқсанның қорытындысы жақсы деп табылсын.
2. Химия, биология, география пәндерінен алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жақсы деп табылсын.
3. Оқушылардың үлгерімі, білім сапасы арттырылсын.

Бірлестік жетекшісі:



Р. Досыбаева

Хатшысы:



А. Жарқынбаева

Хаттама № 3

«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың қаңтар айының
алтысы күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы
болды.

Қатысқаны: - 8

Қатыспаған: -

Күн тәртібінде:

- 1.1 жарты жылдық қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау)
2. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу.
3. Пән олимпиадасын өткізу.
4. Жаратылыстану пәндер апталығын өткізу
5. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1 Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза Білім беру субъектілерін қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды пайдаланып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру – әр ұстаздың міндеті екенін айтты. Жаңа білім жүйесінің басты мәселесі-білім беру мазмұнының негізгі идеясын анықтап алу керектігін, білім сапасын жақсарту, үнемі алға ұмтылу, іздену керектігін, оқушының білім сапасын жүйелеу күнделікті сабақ барысында іске асатынын айтты, Қазақстан Республикасы болашақта өсіп өркендеп, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің бірі болуы бүгінгі жастарды жоғарғы дәрежелі білімді, мәдениетті тұлға етіп тәрбиелеуге тікелей байланысты екенін айтты.

2 Екінші мәселе бойынша, мұғалімнің өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу мәселелеріне Досыбаева Роза тоқталды.

II тоқсанда химия, биология пәндерінің мұғалімі А.Джангутова, А. Жарқынбаева, география пәнінің мұғалімі Р. Досыбаева, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері С.Даулетбаев, А. Мирзабаевтар тартымды ашық сабақтар өтілгенін айтты.

Озық педагогикалық тәжірибені байыту, өз білімін көтеру жоспарын толықтыру, база нормасы, үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу, оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.

3. Пән олимпиадасына сынып оқушыларының деңгейіне қарай сұрақтар құрастыру, нұсқаларға, бөлімдерге бөліп, хаттамалар жазылуын әділ өткізу керектігі айтылды

4. Жаратылыстану пәндер апталығының жоспарында ашық сабақтар, сайыс, жарыс сабақтар, спорттық ойындар, жарыстар өтетінін жоспарлады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, күнделікті өмірде қолдана білуге, салауатты өмір салтын ұстануға, табиғатты сүю, оны қорғауға тәрбиелеу керектігін айтты.

5. Әр түрлі мәселелер


Бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза кабинет жетекшілеріне кабинеттерді безендіру, озық педагогикалық тәжірибені байыту, база нормасы, үлгерімі төмен

оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.

*Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жоғардағы мәселелерді талқылай келе
Қаулы етеді:*

1. I жарты жылдық қанағаттанарлық жақсы деп табылсын.
Оқушылардың үлгерімі, білім сапасы арттырылсын.
2. Әр сабақ сапалы да нәтижелі өткізілсін.
3. Пән олимпиадасы өз уақытында өткізілсін.
4. Жаратылыстану пәндер апталығы жоспарға сай өткізілсін

Бірлестік жетекшісі :  Р. Досыбаева

Хатшысы :  А.Жарқынбаева

«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың наурыз айының
жирма сегізі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы
болды.

Қатысқаны: - 8

Қатыспаған: -

Күн тәртібінде:

1. III тоқсан қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау).
2. Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебін тыңдау (пән мұғ.).
3. Жаратылыстану пәндер апталығын өткізу.
4. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды. Досыбаева Роза химия, биология, география пәндерінен оқушылардан алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жайлы хабарлады. Пән мұғалімдері Жангүтова А, Досыбаева Р, Жарқынбаева А екенін айтты.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза мұғалімдердің ізденіс тәжірибесінің қатысуына тоқталды. Озық педагогикалық тәжірибені байыту, өз білімін көтеру жоспарын толықтыру, баға нормасы, үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу, оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза алдағы тоқсанда жаратылыстану пән бірлестігінің апталығы өтетінін, негізгі пәндер химия, биология, география, музыка, дене шынықтыру пәндерінен ашық сабақ, іс-шара, сайыс сабақ, жарыс сабақ, тақырыптарын анықтап апталық жоспарын пән мұғалімдерімен түзді.

Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жоғардағы мәселелерді талқылай келе

Қаулы етеді:

1. III тоқсан қорытындыс қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Озық педогогикалық тәжірибені байыту, өз білімін көтеру жоспары толықтырылсын.
3. Жаратылыстану пәндер апталығы жоспарға сай өткізілсін

Бірлестік жетекшісі
Хатшысы:



Р. Досыбаева
А. Жарқынбаева

Хаттама №5

«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың мамыр айының
жирма жетісі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті
отырысы болды.

Қатысқаны: - 8

Қатыспаған: -

Күн тәртібінде:

1. IV тоқсан жылдық қорытынды.
2. Бірлестік жұмысын қорытындылау.
3. Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейі, Қорытынды аттестаттау қорытындысы .
4. Жаңа оқу жылына мақсат- міндеттер, жаңа жоспар құру

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды. Досыбаева Роза химия, биология, география пәндерінен оқушылардың IV тоқсан, жылдық нәтижесі жайлы хабарлады. Пән мұғалімдері Джангутова А, Досыбаева Р, Жарқынбаева А екенін айтты.

2. Екінші мәселе бойынша биология пәнінің мұғалімі А.Жарқынбаева сөз алды. Химия, биология, география пәндерінен мектеп ішілік олимпиададағы жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталды оқушыларға көбірек деңгейлік тапсырмалар берілу керектігін айтты. Дене шынықтыру пәнінен үйірме сабақтарда волейбол, футбол, шахмат ойындары оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып жүргізіліп жатқанын Мирзабаев Арманбек мәлімдеді .Жаратылыстану апталығында ашық сабақтар, жарыс сайыс сабақтар өтілді.

3. Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейіне бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза 9а сынып география пәнін 9б сынып биология пәнін таңдап бос уақыттарында дайындық жұмыстарын ой тыңғылықты жүргізіліп жатқанын айтты.

4. Жаңа оқу жылына мақсат- міндеттер, жаңа жоспар құру. Спорттық үйірмелер санын көбейту және оқушыларды жарысқа апару . Биология, химия пәндеріне үйірмелер ұйымдастыру . Оқушыларды интернет олимпиадаға қатыстыру . Дене шынықтыру, химия ,биология пән мұғалімдері курстан өтуге өтініш тастау.

Қаулы етеді:

1. Оқушылармен жұмыс істеуде оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру
2. Бірлестікте жоспарланған іс-шараларды уақытында өткізу
3. Мемлекеттік емтихан өз дәрежесінде өтілсін

Бірлестік жетекшісі:

Хатшысы:



Р. Досыбаева

А.Жарқынбаева

«Бекітемін»

Мектеп директоры

 А.Юсупова

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасары

 Е.Әмірбеков

«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың 04-16.04 жұлдызы аралығында өтілетін «Жаратылыстану пәндер» апталығының іс-шараларының жоспары.

Тақырыбы: «Жаратылыс сыры-ғылымда»

Мақсаты: Оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, күнделікті өмірде қолдана білуге, салауатты өмір салтын ұстануға, табиғатты сүю, оны қорғауға тәрбиелеу

қ/с	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Сыныбы	Әдісі	Жауапты
1	Апталықтың ашылуы, жоспарымен таныстыру	04.04.22	5-9	Іс-шара	Р.Досыбаева
2	Футбол	05.04.22	6-7-8	Сайыс	С.Даулетбаев
3	Шахмат	06.04.22	7-8		Д.Мырзашинов
4	Баскетбол	07.04.22	8-9	Жарыс сабақ	С.Даулетбаев
5	Флешмоб	17.03.22	5-6	Жарыс сабақ	А.Мирзабаев
	Олимпиада	12-03.22	5-9		Р.Досыбаева А.Жарқынбаева
6	Футбол	12.03.22	3-4-5	Сайыс	
7		06.03.22	3	Іс-шара	А.Жарқынбаева
8	Эндокримді бездер қызметінің бұзылуынан туындайтын аурулар	10.03.22	8 а	Ашық сабақ	А.Жарқынбаева
9	Волейбол «Шабуылда ойнау тактикасы»	12.03.22		Ашық сабақ	А.Мирзабаев
10	Шахмат-доубы	10.03.22			А.Жолмуханов
11	Волейбол (қыздар)	14.03.22	7-8-9	Сайыс сабақ	Б.Азабеков
12	Толағай мұғалімдер	11.03.22		Ашық сабақ	Б.Азабеков
13	Апталықты қорытындылау	17.03.25	5-9	Оқушы өнері	Р.Досыбаева А.Жарқынбаева

Әдіс бірлестігінің жетекшісі:



Р.Досыбаева